


DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

DEXP HD-440

ауа ылғалдандырғышы



Мазмұны

Құрылғының арналуы	4
Сақтық шаралары	4
Құрылғының схемасы	5
Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	6
Тұтынушыға арналған кеңестер	7
Маңызды ақпарат	7
Тазалау және күтім жасау	7
Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері	8
Техникалық сипаттамалары.....	8
Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары.....	9
Қосымша ақпарат	10

Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.


Құрылғының арналуы

Ауа ылғалдандырғыш – бұл ең алдымен үй-жайлардағы ылғалдылықты арттыру үшін қолданылатын климаттық аспап.

Сақтық шаралары

- Құрылғыны қалыпты қоршаған орта температурасында ғана сақтаңыз және жұмыс жасаңыз. Құрылғыны +5 °C-ден +40 °C дейінгі қалыпты температурада сақтау керек.
- Құрылғының сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Бұл құрылғыны су көздеріне және қыздырғыш аспаптарға тікелей жақын жерде қолданбаңыз.
- Ток соқпау үшін құрылғыны өзіңіз бөлшектемеңіз.
- Осы құрылғы тек қана тұрмыста пайдалануға арналған. Аспапты тек мақсатына сай пайдаланыңыз.
- Аспапты өткір заттардың, жемір құрамдардың және оны бүлдіруі мүмкін басқа объектілердің әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда.
- Құрылғыны іске қосар алдында онда көрсетілген кернеу жергілікті электр желісінің кернеуіне сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Тегін кепілді қызмет көрсету құқығынан айырылып қалмау үшін, құрылғыға тек түпнұсқа керек-жарақтарды ғана пайдаланыңыз.
- Аспап жұмыс істеп тұрған кезде құрылғыны ашпаңыз.
- Егер су резервуары бос болса, құрылғыны қоспаңыз.
- Пайдаланғаннан кейін, сондай-ақ құрылғыны тазалау кезінде әрқашан аспапты өшіріп қойыңыз.
- Егер аспап көлбеу және/немесе тегіс емес жерде болса, аспапты желіден дереу ажыратыңыз.
- Құрылғыны бауынан тартпаңыз немесе көтермеңіз; бауын майыстырмаңыз немесе аспапқа орамаңыз.
- Электр тогы соқпау үшін, құлағаннан кейін, аспаптан немесе электр қуат сымынан зақым байқасаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз. Құрылғыны авторландырылған сервис орталығына апарыңыз.

Құрылғының схемасы







1. Шүмек.
2. Суға арналған резервуар.
3. Су деңгейінің шкаласы.
4. Клапан қақпағы.
5. Дисплей.
6. Негізгі корпус.

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

Осы ауа ылғалдандырғыш судың ультра микробөлшектерін қалыптастыру үшін дыбыстық толқындармен жоғары жиілікті тербелістерді құру принципін қолданады. Су буын таратуға арналған арнайы дiрiл құрылғысы үй-жайдағы ауаны бiркелкi ылғалдандыру мақсатына жетуге көмектеседi.

1. Құрылғыны тегiс, орнықты бетке орнатыңыз. Еденге қойылған кезде құрылғыны кiлемге орнатпаңыз, бұл құрылғының тұрақсыздығына әкелуi мүмкiн.
Құрылғы су өткiзбейтiн бетте тұрғанына көз жеткiзiңiз. Ауа ылғалдандырғышты жиһаз бен электронды құрылғыларға жақын жерде орнатпаңыз, бұл мүлiктiң бүлiнуiне немесе бұзылуына әкелуi мүмкiн. Құрылғыны оның электр сымы да, құрылғының өзi де қауiптi жағдайлар туғызбайтындай және қозғалысқа кедергi келтiрмейтiндей етiп орналастырыңыз. **Ауаның тиiстi айналымын қамтамасыз ету үшiн құрылғыны қабырғалардан және/немесе басқа объектiлерден 15 см қашықтықта орналастыру керек.**
2. Су резервуарын шешiп алып, төңкерiңiз, клапан қаңпағын бұрап шешiп алып, резервуарға суық су толтырыңыз. Жақсы нәтижеге қол жеткiзу үшiн тазартылған немесе сүзiлген суды қолданыңыз.
Ыстық су мен қоспаларды пайдаланбаңыз.
3. Құрылғыны қуат көзiне қосып, қуат түймесiн басыңыз.
4. Қосылғаннан кейiн құрылғы бу түзудiң төмен қарқындылығы режимiнде жұмыс iстейдi.
5. Құрылғыны басқару:

	Қуат көзi.	Құрылғыны қосу үшiн және бу түзiлу қарқындылығын орташа немесе жоғары режимдерге ауыстыру үшiн түйменi басыңыз. Құрылғыны өшiру үшiн 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
	Таймер	Құрылғының қажеттi жұмыс уақытын 1-ден 12 сағатқа дейiн орнату үшiн түйменi басыңыз. Әр басу 1 сағатты қосады. Дисплейдi өшiру үшiн түйменi 3 секунд басып ұстап тұрыңыз.
	Ультракүлгiн режим	Бактерияға қарсы ультракүлгiн режимдi iске қосу үшiн батырмаға басыңыз. Өшiру үшiн тағы бiр рет басыңыз.
	Ылғалдылықты бақылау	Қажеттi ылғалдылық деңгейiн 45% бастап 80% дейiн орнату үшiн түйменi басыңыз. Әр басу 5% қосады.

6. Қауiпсiздiк мақсатында су резервуары бос болған кезде ауа ылғалдандырғыш автоматты түрде өшедi. Құрылғы өшiрiлген кезде қызыл индикатор жанады.

Тұтынушыға арналған кеңестер

Құрылғыда булану қарқындылығының үш деңгейі бар: төмен, орташа және жоғары. Егер аспаптың айналасында көп мөлшерде су жиналса, бұл бөлмеде ылғалдылық деңгейі өте жоғары екенін білдіреді, яғни сәйкесінше бу түзілу қарқындылығын реттеу керек.

Маңызды ақпарат

- Судың температурасы +40 °C аспауы керек.
- Құрылғы сынбау үшін аспапты оған су кіруден (атап айтқанда ауа шығаратын тесіктен) қорғау қажет. Құрылғының корпусын құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Егер қоршаған ортаның температурасы 0°C төмен болса, су резервуарын босатып, қоқысты сүртіңіз. Әйтпесе аспаптың ішінде мұз болып қатып қалған су құрылғының бұзылуына және деформациясына әкелуі мүмкін.
- Ешқашан құрылғыны суға батырмаңыз немесе ағынды судың астына қоймаңыз, бұл аспаптың бұзылуына және жарақат алуға әкелуі мүмкін.
- Пайдаланғаннан кейін құрылғыны желіден ажыратыңыз.
- Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде және/немесе су резервуары толып тұрған құрылғыны ешқашан көтеріп тасымалдамаңыз немесе жылжытпаңыз.
- Құрылғыны тек тегіс жерде қолданыңыз, әйтпесе құрылғы дұрыс жұмыс істей алмайды және су ернеуден асып төгілуі мүмкін.
- Аспапты су өткізбейтін беттерге орнатыңыз.
- Құрылғыны жылытқыштарға, батареяларға, пешке және басқа жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Резервуарды ауа шығаратын науа арқылы толтырмаңыз.
- Резервуарға тек суды ғана құйыңыз. Әр түрлі қоспаларды, ұнтақтарды және химиялық заттарды пайдаланбаңыз, бұл бу бүркүді қиындатып, құрылғының бүлінуіне әкелуі мүмкін.
- Желіден ажыратпай тұрып, құрылғыға су құймаңыз.
- Қуат түймесін дымқыл қолмен баспаңыз, әйтпесе түйме түйіспеуі мүмкін.

Тазалау және күтім жасау

- Құрылғының желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Су резервуарын, сондай-ақ бүріккіштің өзін бұрап шешіп алып, шайыңыз (әрбір 2-3 апта сайын).
- Аспапты тазалау үшін ұнтақтар мен абразивті құрамдарды пайдаланбаңыз.
- Құрылғының сыртқы корпусын кір мен шаңнан тазарту үшін дымқыл шүберекті пайдаланыңыз.
- Ауа ылғалдандырғышты құрғақ жерде сақтаңыз, қолданғаннан кейін суын сүртіп отырыңыз.
- Құрылғының ішін таза ұстау үшін резервуардағы суды ауыстырып тұрыңыз.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Проблема	Ықтимал себебі	Шешімі
Жарық индикаторы өшірулі, ауа ағыны жоқ және бұ бүркімей тұр.	Құрылғы желіге тығыз қосылмаған.	Құрылғының желіге қосылғанын тексеріңіз.
	Басқа себептер.	Авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз.
Бұ бүрку көлемі азғантай.	Су мөлшері тым көп немесе суда артық қоспалар бар.	Бүріккішті тазалап, резервуарға таза су толтырыңыз.
Ерекше шуыл.	Резервуардағы су деңгейі тым төмен немесе құрылғы көлбеу тұр.	Резервуарға су қосыңыз және аспапты тегіс, орнықты жерге орнатыңыз.
Бұ бүркімейді.	Резервуардың қақпағы ластанған және/немесе ол дұрыс орнатылмаған.	Резервуардың қақпағын тазалап, резервуарды орнына дұрыс орнатыңыз.

Техникалық сипаттамалары

Модель: HD-440.

Қуат көзі параметрлері: АС 220-240 В, 50 Гц.

Қуаты: 25 Вт.

Суға арналған резервуардың көлемі: 4 л.

Орташа су шығыны: 300 мл/сағ.

Пайдалану аясы: тұрмыстық.

Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін ықтимал зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Осы өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы біршама толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдарда немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан білуге болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Фошань Шуньдэ Дирма Электрик Эпплайнсис Ко., Лтд.
№ 4-1, Лунхуэй тас жолы, Малун комитеті ауылы, Бэйцзяо, Шуньдэ, Фошань,
Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе,
Қазақстан.

Тауар Кедендік одақтың техникалық регламенттеріне сәйкестікті міндетті растаудан өтті.

- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».
- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенттің талаптарына сәйкес келеді.

Сипаттамалар, өнім туралы ақпарат, оның жинақтамасы мен функционалдығы пайдаланушыны алдын ала ексертүсіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі адрес: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

V.1

www.dexp.club